



## БҰЙРЫҚ

08.04.2024ж

Түркістан к.

## ПРИКАЗ

№ 27-Н

г. Туркестан

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18-қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16-ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмысшы тобы мен іс-шара жоспары бекітілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылсын.

3. Осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың 17-мамыр мен 28-маусым айы аралығы болып бекітілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директор орынбасары А.Турекуловқа қалдырамын.

**Негізі:** Түркістан облысы әкімінің аппарат басшысының міндетін атқарушы Д.Бектұрғановтың 02.04.2024 жылғы № 12/3200 шығыс хаты.

Директор

А.Кенехан

Түркістан облысы мәдениет және  
туризм басқармасының  
«Конгресс Холл көпсалалы кешені»  
МКҚК-ның басшысы  
А.Кенеханның  
«08» сәуір 2024 жылғы  
№ 4-н бұйрығына  
№1-қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы  
топ құрамы:

№	Аты-жөні	Лауазымдық міндеті
1	Тургимбаев Мейржан Оралович	Бас-әкімші маман
2	Нургиса Алида	Бас бухгалтер
3	Батырбекова Улбосын Сулейменовна	Кадр инспекторы
4	Сары Бағланбек Маратбекұлы	Дәрігер
5	Еспан Айнұр Әбілтайқызы	Комплаенс - офицер



Түркістан облысы Мәдениет және  
туризм басқармасының  
«Конгресс Холл көпсалалы кешені»  
МКҚК-ның басшысы  
А.Кенеханның  
«08» сәуір 2024 жылғы  
№ 07-А бұйрығына  
№2-қосымша

**Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс-шара ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
1	Конгресс Холл мекемесінің барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	17.05.2024-28.06.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Анықтама
2	Конгресс Холл мекемесінің барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау	17.06.2024-21.06.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Сілтеме
3	Конгресс Холл мекемесінің барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама ұсыну	08.07.2024-11.07.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Анықтама